

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 216 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде № 2593 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 421 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 29.07.2020 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Зандарына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXVIII сессияның төрағасы,

қалалық мәслихаттың хатшысы

3. Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының
2014 жылғы 31 наурыздағы
XXVIII сессиясының
№ 216 шешімімен
бекітілген

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының
жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидалары**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидалар негізінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына үәкілетті орган әлеуметтік көмекті жүзеге асырады.

1. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия - өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер тұлғаның (отбасының) өтінішін қарау бойынша қала әкімінің әкімімен құрылатын комиссия;

2) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Қарағанды облысының статистика органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қызын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) үәкілетті орган - "Қаражал қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім);

9) үәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы "коммерциялық емес акционерлік қоғамы";

10) участекомиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін қала әкімінің өкімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 3-тармақта өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 17.03.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 420 шешімімен.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай және заттай нысанда Бөліммен көрсетілетін көмек түсініледі.

5. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабында және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір мезгілде және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек бір мезгілде келесі атаулы күндерге және мереке күндеріне көрсетіледі:

1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні - Ауғанстан Республикасының аумағында ұрыс қымылдары кезеңінде қатысқан тұлғаларға;

2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні – "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға;

3) 26 сәуір - Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні - Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың зардаптарын жоюға қатысқан тұлғаларға;

4) 9 мамыр – Женіс күні - Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген басқа да санаттарға;

5) 6 шілде – Астана күні - 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, Қаражал қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға;

6) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге;

- 7) 1 қазан – Қарттар күні – 70 және одан жоғары жастағы адамдарға;
- 8) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күні - Қаражал қаласының мектепке дейінгі үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 06.05.2020 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың жергілікті атқаруши органды бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

9. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) немесе тұрғын жайға келтірілген залалға өтемақы төлеу үшін және өмірлік қызын жағдай туындаған кезде он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

10. Азаматтарды өмірлік қызын жағдайдағы тұлғалардың санатына жатқызу үшін түпкілікті негіздемелердің тізбесі мыналар болып табылады:

- 1) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;
- 3) жетімдік;
- 4) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 5) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 6) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келуі.

11. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде, ең төменгі күнкөріс деңгейіне 0,6 еселік қатынаста шектен аспайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы болған жағдайда тұлғаларға (отбасына) әлеуметтік көмек ұсынылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 17.03.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 420 шешімімен.

12. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қызын жағдай туындаған кезде азаматтар әлеуметтік көмекке бір ай мерзімде жүргіне алады.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді орган бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негізdemeler тізбесін басшылыққа алады.

13. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органдының келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібі

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не озге де үйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

3) осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты ұсынады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2019 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

17-1. алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекті жеке шотқа аудару үшін, өтініш беруші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің

лицензиясы бар ұйымынан немесе екінші деңгейдегі банктен ашылған жеке шотын ұсынады.

19. Өмірлік қын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде үәкілдегі орган немесе кент әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

20. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды үәкілдегі органға немесе кент әкіміне жібереді.

Кент әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен үәкілдегі органға жібереді.

21. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда үәкілдегі орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

22. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда үәкілдегі орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге үәкілдегі органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

23. Үәкілдегі орган участекелік комиссиядан немесе кент әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

24. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

25. Үәкілдегі орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда үәкілдегі орган өтініш берушіден немесе кент әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету, не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

27. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 11.05.2016 № 19 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27-1. алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27-2. алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27-3. алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27-4. алынып тасталды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 10.02.2020 № 363 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

28. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemелер

30. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

31. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингін және есепке алууды уәкілетті орган "Е-Собес" және "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккөрларын пайдалана отырып жүргізеді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 17.03.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 420 шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
үлгілік Қағидаларына
1-қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.)

(үйінің мекенжайы, телефоны)

P/c №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____

Күні _____

Отбасының құрамы туралы

мәліметтерді қуәландыруға уәкілетті

органның лауазымды адамының Т.А.Ә. _____

(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және

мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
ұлгілік Қағидаларына
2-қосымша

**Әмірлік қызың жағдайдауында байланысты адамның
(отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТІСІ**

20 __ ж. " __ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған

әмірлік қызың жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____

адам, оның ішінде:

P/ с №	Т.А.Ә	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Әмірлік қызың жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____
адам.

Балалардың саны: _____

Жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____
адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы
мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан
соғысы

мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан
қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер,

туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстаяға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

№	Р/с	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен токсандағы табыс сомасы (тенге)	Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
				токсанға	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

Қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен
қамтамасыз етілуі _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: _____

Отініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____
отініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің)
Т.А.Ә. және қолы, күні _____

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
үлгілік Қағидаларына
3-қосымша

Участелік комиссияның № _____ қорытындысы

20 __ ж. _____

Участелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін
белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін
айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қыын жағдайдың туындауына
байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар
және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру
нәтижелерінің негізінде _____

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Корытынды қоса берілген құжаттармен _____ данада

20 __ ж. " __ " _____ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе
уәкілдегі орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы
